



ХҒТАР 17.71.07
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-302-314>

Доспамбет жырау мен қайықшы Құл Мұстафа шығармашылығындағы үндестік

Д.С. Жалелов¹, М. Арслан²

¹А. Байтұрсынұлы Білім академиясы, Астана, Қазақстан

²Памуккале университети, Денизли, Түркия

(E-mail: daulet.zhalelov1994@mail.ru, marslan@pau.edu.tr)

Аңдатпа. Анадолыдағы түріктер мен қазақтардың байланысы тереңде жатыр. Әдебиеті, мәдениеті, ділі, тілінің қайнар көзі бір бастаудан таралады. Мақалада Доспамбет жырау мен қайықшы Құл Мұстафа шығармашылығындағы ішкі мазмұндық және тарихи, әдеби үндестіктер талданады.

Доспамбет жырау – халық поэзиясының қайнар көзі мен түп тамырын жете меңгерген синкретті өнердің иесі. Өмір сүрген кезеңі XVI ғасырды қамтиды. Толғауларында баяндалатындай, Азау қаласында дүниеге келген. Бізге жеткен толғауларының басты тақырыбы – жауынгерлік, азаттық, еркіндік, аңсау мен өмірдің мәнін өкінбеген идеал тұлға ретінде іздеу сынды тақырыптарды қамтыды. Ал қайықшы Құл Мұстафа – түрік халқының әдебиетіндегі көрнекті тұлғалардың бірі. Тарихтан белгілі теңіз жорықтарының басшысына айналған Мұрат Рейстің сенімді серігі болған. XVII ғасырда өмір сүрген қайықшы Құл Мұстафаның түрік халық поэзиясында өзіндік орны бар. Өмірбаяны туралы мол ақпарат сақталмаған. Осман кезеңінде өмір сүріп, Мұрат Рейспен бірге Бағдатты жаулау әскери сапарына қатысқан. Бірнеше туындылары бүгінгі күнге жетті. Соның ішіндегі ең танымалы және тарихи оқиға баяндалатын туындысы – «Жас Осман» дастаны. Жас қаһарманға айналған Османның сол ерлігі қайықшы Құл Мұстафаның дастаны арқылы да күллі түрік халқына мәшһүр болды.

Мақалада қайықшы Құл Мұстафа мен Доспамбет жырау толғауларындағы ішкі мазмұндық үндестік, салыстыру және талдау әдістері арқылы анықталады. Түбі бір туысқан халық поэзиясында елеулі орын алған екі тұлғаның синкреттілігі де баяндалып, қазақ және түрік зерттеушілерінің пікірлерімен тұжырым жасалады.

Түйін сөздер: қайықшы Құл Мұстафа, Доспамбет жырау, түрік, қазақ толғау, дастан, үндестік.

Түсті: 05.06.2024; Мақұлданды: 22.01.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

Кіріспе

Осман кезеңінің көрнекті шығармашыл өкілі саналатын және түрік әдебиетінің ішіндегі ашық әдебиетте өзіндік елеулі орынға ие қайықшы Құл Мұстафа мен қазақ пен ноғай жыраулық поэзиясын қалыптастырушы жыраулардың бірі, жорық жыршысы, жауынгерлік өнердің нағыз шебері әрі өз заманында импровизатор сөз зергеріне айналған Доспамбет жырау шығармаларындағы үндестікті айқындап және зерделеу кезек күттірмейтін мәселе. Біз зерттеу еңбегімізде Доспамбет жырау мен қайықшы Құл Мұстафа шығармашылығындағы ішкі мазмұндық үндестікті айқындайтын боламыз.

Қайықшы Құл Мұстафа түрік халқының тарихы мен әдебиетінде батылдық пен сөз зергерлігін қатар ұстанған тұлға ретінде таныс. Осман империясының тарихында өзіндік орны бар, XVII ғасырда өмір сүрген көрнекті қайраткер. Өмірінің басым көпшілігі теңіздің шытырман оқиғаларымен тікелей байланысты. Әскери қолбасшылық деңгейіне дейін жете білген. Қайықшы Құл Мұстафаның өмір жолы, батырлығы, ерлігі түрік тарихындағы көптеген аңыздар мен ертегілердің арқауы бола алды. Қайықшы Құл Мұстафа өзі қатарлы жас түріктер сынды, теңіз өміріне және теңіздегі жаугершілік сипатқа тез бейімделді. Теңіздегі түрлі тактикалар мен әскери шабуылдардың қыр-сырын шебер меңгерді. Өмірінің ең айшықты және жасаған ерліктерінің көрінісі теңіз үстінде жауларымен күрескен сәтінен анық байқалды. Қиындыққа қарсы тұра біліп, жаудан да, даудан да қаймықпаған Құл Мұстафа теңіз аңызына да айналып үлгерді. Жау кемелеріне қорқыныш пен үрей ұялатты.

Қайықшы Құл Мұстафаның көпшілікке таныс туындысы – «Жас Осман» дастаны. Автордың өз атымен бірге аталатын аталмыш туындының тарихы терең. Ел еркіндігі мен болашақ ұрпақтың алаңсыз тағдыры да осы туындыда жатыр. Өз жанын қиып, жау мысын басқан жас қаһарманның ерлігі де намысты жігері де ерен. Жас Османның ерлігі турасында түріктің белгілі ақындары жырлады. Соның ішіндегі көпшілікке кеңінен таралған қайықшы Құл Мұстафаның жазған нұсқасы.

Сан ғасырды қамтитын алып мемлекеттің әдебиеті мен мәдениеті де дамып өркендеді. *Âşık Kuloğlu, Âşık Gazi Hasan, Âşık Ömer, Âşık Kayıkçı Kul Mustafa, Âşık Katibi* осы қатарлы шығармашыл биік тұлғалар Osmanlı тарихын шығармашылығынан тыс қалдырған жоқ. Қайықшы Құл Мұстафа да түрік халқының көнеден келе жатқан қаһармандық жырларын жалғаушы ашық (aşık), яғни түрік халқының шығармашылығында ерекше орын алатын ашық әдебиеттің өкілі.

Доспамбет жырау – жыраулар көшін бастаған бірегей тұлға. Синкретті өнердің қыры мен сырын меңгеріп қана қоймай, әскербасы да бола білген. Доспамбет жырау шығармашылығындағы «Айналайын, Ақ Жайық», «Айнала бұлақ басы тең», «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Озушылар, озмаңыз!», «Арғымаққа оқ тиді», «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Азау, азау дегенің» сынды толғауларының мәні мен маңызы терең. Жырау шығармашылығындағы түйдек ойлар мен көне сарынды жалғастыратын асқақ бейнелеулер, толғаудың ішкі мазмұнымен сабақтасқан. Жыраулар – хан мен халық арасын байланыстырған, ханға ақыл-кеңес беріп, халықтың өн бойында жүрген мәселелерін хандық кеңесте талқылауға және шешуге араласқан. Доспамбет сынды жыраулардың

шығармашылығы толғау жанры арқылы берілген. Толғау жайлы А. Байтұрсынұлы: «Толғау қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі..», – деген пікір білдіреді. [1,261 б.].

Доспамбет жырау шығармашылығындағы аңсау мен өкінбеу сөздерінің концептіге айналып көрініс беруінде де үлкен мән бар. Жырау бойындағы асыл мұраттардың сабақтасып, толғауда көрініс табуы өзінің басынан кешкен оқиғалары мен сол кездегі халықтың бет-бейнесі көрінеді. М.Мағауин: «Доспамбет – жорықшы жырау. Бізге жеткен толғауларының рухын айтпағанның өзінде оның талай ұрыс-қағыстың куәсі болғандығын көрсететін жолдары жеткілікті» [2, 40 б.]. Доспамбет – тарихи тұлға. Жауынгерлік рухты тұлғасына қалыптастырған жорық жырауы.

Қайықшы Құл Мұстафа мен Доспамбет жырау туындыларындағы негізгі үндестік – мағыналы өмір мәні. Бірі – жас батыр Османның ерлігі, екіншісі – туған елдің кемел келешегі үшін атқарған ісі және сол жолда жанын да аямаған тұлғаның келбеті. Осы ұқсастық пен жүрек үндестігі және Отанға деген адал ниет қос шығармашыл тұлғаны тарихта өшпестей етіп қалдырды.

Зерттеу әдістері

Дәйектемелер қайықшы Құл Мұстафа мен Доспамбет жырау туындыларындағы негізгі оқиғалар мен тарихи деректерге негізделген ақпараттар жинақталып, түрік және қазақ халық поэзиясын зерттеген зерттеушілердің пікірлерімен негізделіп ұсынылды. Тақырыпты кеңінен ашып талдау кезінде методологиялық әдістер: салыстыру, жүйелілік, сипаттау мен саралау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Түрік пен қазақ әдебиетінің үндестігі ежелгі түрік әдебиетімен сабақтасып жатыр. Ортақ сөз, ортақ мәдениет – әдебиеттен бастау алады. Біз қарастырып отырған қайықшы Құл Мұстафа мен Доспамбет жырау туындыларының үндестігі де осы алтын өзеппен тамырласқан. Жоғарыда сөз еткеніміздей қайықшы Құл Мұстафаның өмірбаяны турасында көп мәлімет жоқтың қасы. Мұрат Рейстың жанында жүріп «қайықшы» деген атқа ие болған. Османның ерліктері мен соғыс алаңындағы түрік әскерінің шеберліктері жайлы шығармаларына арқау еткен. Сонымен қатар, Иран шахы Аббастың Бағдатты өз қарамағына қосуы және төртінші Мұраттың Реванға науқаны, Бағдатты қоршауға алғандығы туралы қалам тербеген. Түріктің ұлттық аспаптарында шебер ойнап, саз ақынына айналды.

Қайықшы Құл Мұстафаның атын тарихта қалдырған туындысы – «Genç Osman» дастаны. Жас Осман батырдың ерлігі мен батырлығы турасында баяндалады. Түрік халық әдебиетінің ең маңызды эпикалық шығармаларының бірі. Бұл аталмыш шығарма Бағдат сапарынан кейін дүниеге келді. Қайықшы Құл Мұстафадан басқа да шығармашыл тұлғалар қаһарман жас әрі жалынды Османның ерлігін жырлады. Атап айтатын болсақ, Демирчиоглу және түрік халық әдебиетінің көрнекті өкілі саналатын Қаражаоғлан да өз

шығармаларына арқау етті. Қаражаоғлан мен Бұқар жырау арасындағы үндестік біздің алдымыздағы зерттеулерде қарастырылды [3].

Жоғарыдағы түрік қаламгерлерінің туындылардың танымалдылығы мен кеңінен таралуы қайықшы Құл Мұстафаның жас Османға арналған туындысындай халыққа кең таралмады. «Жас Осман» дастаны қайықшы Құл Мұстафаның ақындық әлеуетін де арттырған бірегей шығарма. Дастан жарыққа шықаннан бастап, түрік халқы ерекше ынтамен қабылдады. Саз аспаптарымен сүйемелдеп, «Жас Осман» дастанының даңқы асып, әуенмен шырқалды. Сол кезеңдегі әскерді рухтандырып, намысын ояту мақсатында да осы дастан түріктің әр аймағында айтылып жүрді. Қазақ жырауларының толғаулары сынды ауыздан-ауызға тарады.

Төртінші Мұраттың Бағдат экспедициясы тұсында Осман атты жас жігіт әскер қатарына қосылады. IV Мұрат Османлының 17-ші сұлтаны. IV Мұраттың тұсында Османлы мемлекеті қайтадан гүлдену кезеңіне қадам басады. Сұлтан елдің руханияты мен мәдениетіне ерекше көңіл бөледі. Кейіннен қаталдығы да, соғысқұмар әрекеттері де тарихи еңбектерде айтылады. Сұлтанның Бағдатты жаулап алуға бағытталған сапары 1635 жылы шамасында болады. Аз уақыттың көлемінде Мұрат сұлтанның әскері Ереван, Тебриз сынды қалаларды өзіне қаратады. Сұлтанның басты бағыты Бағдатты алу болды. Кескілескен ұрыстың нәтижесінде 1638 жылы Бағдатты алады. IV Мұрат Ирандағы қызылбастар мемлекетін билеушілермен ортақ бітім шартын жасасады. Бағдатқа сапары шамамен 1639 жылы аяқталды. Бағдат сапарымен тұспа-тұс тарихта «Азау қоршауы» деген атпен таныс тағы бір майдан орын алады. 1637 жылы Дон казактары Азау қаласына шабуыл жасап, басып алады. Орыс билеушісі Михаил бұл жайттан хабарсыз болып шығады. Оның да ашуын туғызады. Қаһарына мінген IV Мұраттың әскері, оның ішінде Османлы мемлекетінің флоты Азауды Дон казактарының қолынан тартып алады. Сол Азау қаласы жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі – Доспамбет жыраудың туған жері. Азау қаласы Жошы ұлысы кезінде маңызды қалалардың бірі болған. Дешті-Қыпшақ мемлекеті үшін теңіз арқылы сауда-саттық жасауда маңызды рөл атқарған. Доспамбет жыраудың:

Айнала бұлақ басы тең,
Азаулының Ыстамбұлдан несі кем?
Азаулының Айдамет
Ер Доспамбет ағаның
Хан ұлына несі жоқ,
Би ұлынан несі кем?
Тәңірінің өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менің несібем.
Азаулыда аға болған ерлер көп еді,
Әйтсе де алмаға ат байлағаны жоқ еді [4, 24 б.].

Доспамбет жырау ноғайлы жыраулық поэзиясының негізін қалыптастырған тарихи тұлғалардың бірі ретінде тарихта қалды. С. Қасқабасов «Жыраулар поэзиясы – авторлық ауыз әдебиеті» атты зерттеу еңбегінде Доспамбеттің талантты жырау-ақын атанып, өз

кезеңінің аласапыран оқиғаларын поэзияларында жүйелі түрде бейнелей алғандығын айтады [5, 218 б.]. Жоғарыда айтылғандай, өзінің туған қаласы Азауды Осман түріктерінің астанасы Стамбұлмен салыстырады. Азаудың баяғыдай гүлденгенін, абаттанғанын қалайды. Осы екі тармақтан-ақ Доспамбеттің Стамбұлда да болды деген пікірге келісуге болады. Толғаудағы «Тең» сөзі Дон өзенінің байырғы атауы.

А.Әлібекұлы «Ақиқат» газетінде жарияланған «Доспамбет Азаулы» мақаласында толғаудағы «аға» сөзіне анықтама береді. «Аға – біздің қолданысымыздағы жас ерекшелік формасымен шектелмейді. Ортағасырлық түрлі еңбектерде түркілер «аға» деп әскери атақтың бір шенін атаған. Кейінірек ағалық дәстүр қыпшақтарда, ноғайларда сақталған. Бұл дәстүр моңғол шапқыншылығынан соң өзгеріске ұшырады. Ағалық дәстүріміз әскери шен ретінде ғана сақталып қалды. Уақыт өте келе «аға» сөзі жас ерекшеліктерді сипаттау үшін ғана қолданысқа ие болды». Толғауда байқағанымыздай, «аға» мен «ер» сөзі екі мағынаны нұсқап тұр: аға – әскери шен, ер – жігіттің есейген, ел қорғауға күші, жігері жететін шағы [6, 73 б.].

Мақалада ноғай халқының белгілі зерттеушісі А. Ярлыкаповтың пікірін де тілге тиек етеді. Ер Доспамбеттің түрік сұлтандарына және орыс билеушілеріне елшілікке барды. Барудағы басты себеп – елдестіру, татулыққа шақыру. Басқа да сыртқы жауларға бірлесе аттанып, елі мен жерін қорғау болғанын айтады [6, 75 б.].

Түріктер әлі күнге дейін жас Осман батырға арналған дастанды сазды аспаптарға салып жырлап келеді. «Жас Осман» дастаны арқылы қайықшы Құл Мұстафаның авторлық ерекшелігі айқындалады. Ел байрағының биікте болуын армандаған ұлттың адал перзенттерін саф таза күйінде көрсетеді. Дастанда:

«Genç Osman dediğin bir küçük uşak
beline bağlamış ibrişim kuşak
Askerin içinde birinci uşak
Allah Allah deyip geçer Genç Osman

Genç Osman dediğin bir küçük aslan
Bağdatın içine girilmez yastan
Her ana doğurmaz böyle bir aslan
Allah Allah deyip geçer Genç Osman

Bağdatın kapısını Genç Osman açtı
Düşmanın cümlesi önünden kaçtı
Kelle koltuğunda üç gün savaştı
Allah Allah deyip geçer Genç Osman» [7].

Жоғарыда айтқанымыздай, жас Осман батырға бірнеше туындылар арналған. Соның ішіндегі ең танымалы қайықшы Құл Мұстафаның Османға арналған екі туындысы болды. Мұрат сұлтан қалыптастырған әскерге жасы жетпей, жасырын әскер қатарына қосылып, ерлікпен қазақ тапқан жас батырдың бейнесі туындыда көрініс береді. Автор

жас батырды арыстанға теңейді, осындай көзсіз батыр кездесе бермейтіндігін тілге тиек етеді. Әр ана Осман сияқты батырды дүниеге алып келе бермейді деген сөз соның дәлелі. Бізге жеткен үш шумақта да Алласын айтып, жауға аттанған батыр. Бірінші шумақта жас Османның жас екендігін, жауынгерлер арасына қосылып, топ бастап жауға аттанғаны туралы айтылады. Екінші шумақта жас батырды арыстанға балайды, бұндай арыстандардың кездесе бермейтіндігі айтылады. Үшінші шумақта Османнан именген жау, Бағдат қақпасын ашқан қаһарман ерлігі баяндалады. Өзінің туған жері үшін еш нәрседен аянбай, жауға аттанған жігіттің өз жанын тәуекелге тігіп, жанын беруі. Қайықшы Құл Мұстафаның жас Османға арнаған дастанында:

«İptida Bağdad'a sefer olanda
Atladı hendeği geçti Genç Osman
Vuruldu sancaktar kaptı sancağı
İletti bedene dikti Genç Osman

Eğerleyin kır atımın ikisin
Fethedeyim düşmanların hepisin
Sabah namazında Bağdad kapısın
Allah Allah deyip açtı Genç Osman

Sultan Murat eydür gelsin göreyim
Nice kahramandır ben de bileyim
Vezirlik isterse üç tuğ vereyim
Kılıcından al kan saçtı Genç Osman

Kul Mustafa karakolda gezerken
Gülle kurşun yağmur gibi yağarken
Yıkılası Bağdat seni döğerken
Şehitlere serdar oldu Genç Osman» [8, 284 б.].

Сұлтан Мұрат ерлігіне тәнті болады. Дегенмен, майдан даласында осындай жас қаһарманның опат болғанына қатты қайғырады. Автор, бұл дастанда да жас қаһарманның ерлігін, батырлығын бүкпесіз көрсете алды. Соңғы жолмен мазмұндас Доспамбет жыраудың да толғауы бар. Өз ғұмырын Отанына арнау – түркі жырларында көптеп кездеседі. Қайықшы Құл Мұстафа туындыларымен салыстырып отырған Доспамбет поэзиясында да жиі кездеседі. Доспамбет өз өмірі қиылса да еш өкінбеді. Ол үшін мағыналы ғұмыр – елді қорғау болды. Доспамбет өз толғауында:

Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өткен өкінбес!
Өкінбестей болғанмын,
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім өкінбен! [4, 23 б.].

Доспамбет пен жас Осман арасындағы үндестік – өз жанын қауіпке тіге отырып, жауға қарсы тұру. Олар үшін басты орында елдік пен азаттықтың орнауы. Бұл жерде екі тұлғаның өмір сүрген кезеңдері әр түрлі болғанмен түркі сарбаздарының бойында кездесетін ержүрек рух қалыптасқан. Доспамбет өзінің тағы бір толғауында:

Кірмембес ауыр қолға бас болып,

Күңіреніп күн түбіне жортқанмын [4, 24 б.].

Доспамбет те еш уайымға салынбай, қаншалықты жау қолы көп болса да батырлығы мен ержүректілігінің арқасында топ бастады. Жас Осман батырда да Доспамбет жырау сынды жау қолынан жазым боламын деген уайымнан қарағанда, ел үшін ерлік көрсету деген ұран басты орында тұрған сынды.

Жас Османға арналған дастан зерттеушілердің айтуынша Осман дүниеден өткеннен кейін шығарылған. Османның ерен ерлігін Осман түріктеріне таныстыру, есімін ұмытпай, ұлықтауға, ардақтауға бағытталған. Қайықшы Құл Мұстафа жас қаһарманның ерлігін жырлау барысында батырдың аруағын асқақтатып, басқа сарбаздардың да намысын ояту мақсатында шығарған. Бұл жерде түркілердің әдебиетінде жиі кездесетін «аруақ» культі жатыр. Жас Османның аруағына жыр арнау арқылы түрік жауынгерлерін жігерлендірді. Басқа да сарбаздар сол дастаннан рухтанып, әр жерде сазды әуенге салып айтып жүрді. «Аруақ» культі арқылы жауынгерлік рухты ояту, жыраулар поэзиясында да жалғасын тапқан.

«Аруақ» культі – жырау типінің пайда болуына негіз болған. Ертеректе ата-бабаларымыз өмірмен қош айтысқан әулиелердің аруағы жебейді және қиналғанда қорғайды деген түсінікті наным-сенімге айналдырған. «Аруақ» культінің арғы тарихында анимистік және тотемдік бастаулар жатыр. Көк бөрі, марал, қызыл жолбарыс, аққу сынды жануарларды кие тұтып, кейбір халықтар ұлт болып қалыптасудағы негізгі ілкі бастауды солардан бастайды. Кейіннен осы ұғымдар сол елді басқарушы көсемдермен үндестірілді. Осы киелі аң-құс жебеген адамдар ғана топ басшысы болады деп иланды. Осы ұғымдарды «аруақ» культі жалғастырды.

Түбі бір түркі халықтарының жырларының киелі ұғыммен байланысты екенін зерттеушілердің еңбектерінен аңғарамыз. Қырғыз манасшысымен тілдескен зерттеуші В. Радлов: «Жыр жырлауды менің көмейіме құдай тағалам құйған, мен жырды іздеп отырмаймында, жаттап та жүрмеймін. Жыр менің көмейімнен өзінен-өзі ағылып жатады» [9, 281 б.]. Радловтың жоғарыдағы аталмыш пікірін жыраулар типін зерттеген Е.Тұрсынов тілге тиек етеді. Яғни, бұл жердегі түпкі мән біз біле бермейтін бір тылсым күштің әсерінен туындайтын құбылыс. «Манас» жырын жаттап айтып, манасшы болу үшін де, аян берілетіндігі де осы белгісіз күшпен сабақтасып жатыр. Жыраулар типінің пайда болуы мен қалыптасуын зерттеген Е. Тұрсынов түркі-моңғол халықтарының жырларындағы киелі мәннің көрсеткішін аңыз-әңгімелеріндегі, әдебиетіндегі кездесетін мысалдармен зерделейді. Мысалы, зерттеу еңбегінде Алтайлардың жырларында мадақталатын дүние салған тұлғалардың аруақтары жырды тыңдайды. Жыр көңілдерінен шығып, тұшымды болса риза болады, көңілден шықпаса қаһарланып, жыр айтушыны жазалайды [10]. Е.Тұрсынов зерттеу еңбегінде буряттың (улигээр) жырларына және болжаушы-абыздар, әскери бақсылар қызметтеріне тоқталады. Бірнеше дәйекті мысалдар келтіреді.

Сөз түйіні ретінде жырау типінің пайда болуында осы киелі ұғымдардың жатқанын айтады. «Сөйтіп, жырау типі болашақты болжаушы «көрігшілердің» және сыншылардың дәстүрі мен бақсылар тәжірибесін әскери тіршілік қажеттеріне жаратқан болжаушы-абыздардың дәстүрі негізінде пайда болып қалыптасты деп айтуымызға болады..» [10].

Жырау типі қалыптасып болғаннан кейін жыраулық өнердің негізгі синкретті көздері айшықталып, табиғи тұрғыда көрініс бере бастады. Жаугершілік заманда жыраулар әскери топтың және керек кезде тұтас халықтың алдына шығып, өмірден өткен әулие, хан, батыр сынды тарихи тұлғалардың аттарын, не болмаса атқарған істерін айтып, аруақтарды шебер киелі сөзбен риза етіп, елін қорғауға аттанғалы отырған әскерге күш сыйлаған. Жыраулар киелі күштерге сене отырып, сол аруақтарды құдіретті сөздің күшімен сол жерге шақыра алатын қауқары болғандығын біздің алдымызда жазылған еңбектерден біле аламыз.

«Аруақ» культі Доспамбет жырау шығармашылығымен де байланысып жатыр. Өзінен бұрын өткен ата-бабаларды айту арқылы да өткен шақты аңсайды. Шыңғысханның кеңесшісі болған, әулие Кетбұғаны да жырына қосады.

Кет-Бұғадай билерден,
Кеңес сұрар күн қайда?
Бұрынғылар түскен жүрі жол
Бұрылып соған түсті дегейсіз! [4, 26 б.].

Кет-Бұға өзінен кейінгі жыраулардың арқа сүйер жетекшісі, бет түзер бағдары болды. М. Мағауин Шыңғысхан заманында Кет-Бұға атты жыраудың болғанын әрі есімі де абыройы да елге белгілі болғанын айтады. Доспамбет сынды жыраулардың өзінен бұрын өмір сүрген әулие, батыр, жыраулардың аттарын атап, аруақтанып сөйлейтіні әскердің және тұтас халықтың намысын оятып, ерлік жасау, елдікті қорғаумен байланысып жатыр [11, 40].

Толғаулары Доспамбет жыраумен үндестік тапқан Махамбеттің толғауларында да «аруақ» культінің көріністері байқалады. Толғауларында аруақ қонған батырлардың кескін-келбеті көрінеді. Махамбет жыраудың «Атадан туған аруақты ер» туындысы соның дәлелі іспетті.

«Атадан туған аруақты ер,
Жауды көрсе жапырар,
Үдей соққан дауылдай...» –

деген жолдардың негізгі мәнінде де киелі ұғыммен байланысты түсінік жатыр [4, 168 б.]. Аруақты ердің орнына басқа да атауларды қоюға болар еді. Мысалы, ардақты, салмақты сынды сөздер. Бірақ, бұл жердегі жыраудың айтпағы бөлек. Аруақты ер – аруақ қонған батырлар. Қазақ және одан арғы түркінің танымында аруақ қонған адамдар жайлы аңыздар мен қиссалар жетерлік. «Аруақ қону» хақында С. Қондыбай біраз деректерді ұсынады. Аруақ қону – бізге белгісіз тылсым арқылы арнайы таңдалған адамға қонады. Таңдалған адам қайта туылғандай жаңарады, рухани қаруланады. Зерттеуші аруақты тәуелсіз “мәңгі әрекет” деп атап, өз алдына архетип бола алатындығын айтады [12]. Осы

пікірді жалғастыра келе: «Аруақ қону» деген сөз «жер бетінде өмір сүріп жатқан адамға арғы дүниеден ұстаз, жетекші тағайындалды» дегенді білдіреді. Мұндай таңдау және тағайындау көбінесе шабыттану (рухтану, аруақтану, нұрлану) сферасына жақынырақ болып шығады да, «таңдау/тағайындау» ісі таңдалушы («избранный», «неофит») адамның нақты қоғамдағы діни сеніміне, атақ-мансабына, күш-қуаты мен байлығына тәуелді болмайды» [12]. Жоғарыда айтылған Махамбеттің толғауындағы аруақтанған батырлардың әрекеті жауды қоғадай жапыру, дауылдай теңселту болды.

Доспамбет жырау мен қайықшы Құл Мұстафа шығармашылығындағы тарихи, әдеби үндестікті анықтау арқылы түркілік поэзияның қуатын бағамдап, түркі әдебиетінің даму тізбегін анықтай аламыз. Жырау мен ашық әдебиеті өкілдерінің арасындағы ұқсастық ерлік пен елдікті жырлау тақырыптарымен үндесіп жатыр. Импровизаторлық қасиеттерінің де жауынгерлік қабілеттерімен астасып жатқанын байқаймыз. Импровизаторлық қасиеттің арқасында түркі әдебиетіндегі жырлар мәңгілік сарынмен жалғанды» [13]. Тіршілік жаратылғаннан бері мәңгілік майдан жалғасып келеді. Мықтылар – жеңеді, әлсіздер – жеңіледі [14, 102 б.]. Біз зерттеу тақырыбы етіп алған қос қаһарман жеңісті де жеңілісті де қабылдай біліп, өмір сүрудегін мәнін өзгерткен жоқ. Доспамбет жыраудың толғаулары мен қайықшы Құл Мұстафаның шығармашылығын салыстыра отырып, төмендегідей тұжырым жасадық:

- Доспамбет жырау өз ерліктерін толғауға айналдырып, жауынгерлік өмірін, ел қорғау жолындағы істерін баян етті;
- Қайықшы Құл Мұстафа жас қаһарман, батыр, Османның ерлігі арқылы түрік сарбаздарының рухын көтерді;
- Жас Осман мен Доспамбеттің халық, ұрпақ үшін өз жанын қауіп-қатерге тігіп, ерлік жасауы теңдессіз қаһармандылықтың белгісі болды;
- Қандай іске барса да өкінішсіз ғұмыр кешкен қос батырдың бейнесі түркі халқын жігерлендірді.

Аталмыш зерттеу жұмысы түркітану саласында туысқан халықтардың поэзиясындағы ерекшеліктер мен ішкі үндестіктерді әрі қарай зерттеуге бағыт бола алады. Жырау мен ашықтың қайнар көзі ежелгі түркі әдебиетімен жалғасып жатыр. Күлтегін, Тоныкөк жырларындағы мәңгілік сарын біз қарастырып отырған Доспамбет пен қайықшы Құл Мұстафаның шығармашылығының ішкі мазмұнынан айқын байқалады.

Қорытынды

Зерттеу еңбегімізді түркітанушы, әдебиеттанушы зерттеушілердің тұжырымдарын негізге ала отырып зерделедік. Жыраулар мен ашық әдебиеттің өкілдері арасындағы тарихи, әдеби тізбек жоғарыда айтқанымыздай ежелгі түркі әдебиетімен сабақтасып жатыр. Екі туысқан, түбі бір елдің әдебиетіндегі жырау мен ашықтың арасындағы үндестікті зерделеп, зерттеу мұнымен тоқтап қалған жоқ. Қазақ пен түрік жырларындағы тақырып байланысы, ерлікке үндеу, тұлғалар бейнесі, жауынгерлік рух, поэтикалық қуат сынды ұқсас сарындарды әлі де ғылыми тұрғыдан салыстырып зерттеу маңызды.

Авторлардың қосқан үлесі:

Д.С. Жалелов – Доспамбет жырау мен қайықшы Құл Мұстафа шығармашылығына салыстырмалы әдеби талдау жасап, екі автор поэзиясындағы ортақ мотивтер мен идеялық-эстетикалық үндестікті зерделеді. Сонымен қатар тарихи-мәдени контексті анықтап, мәтіндік талдаулар жүргізу арқылы зерттеу нысанының көркемдік ерекшеліктерін ашуға бағытталған жұмыстарды атқарды.

М. Арслан – түрік әдебиетінің шығармашыл өкілі қайықшы Құл Мұстафаға қатысты тарихи-әдеби деректерді жинақтап, оның шығармашылық болмысын тануға қатысты мәліметтерді талдады. Сонымен қатар мақаланың деректік негізінің нақтылығы мен ғылыми дәйектілігін қамтамасыз ету бағытында жұмыс жүргізіп, түрік әдебиетіндегі мәліметтер қорымен салыстыру жасады.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен «Сандық платформадағы жаңа медиа-диалог: қазақ жыраулық өнері мен түрік ашықтық дәстүрі» гранттық жобасы аясында дайындалды (AP25797027).

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 б.
3. Nurimanov B., Altay A. Karacaoğlu ve Bukar Kalkamanlı'nın şiirlerinin karşılaştırılması // Millî Folklor. – 2018, Yıl 30, Sayı 117. – P. 41-56.
4. Жеті ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 2004. – 400 б.
5. Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.
6. Әлібекұлы А. Доспамбет Азаулы // Ақиқат газеті. - №4. – 2012. – Б. 72-81.
7. Kayıkçı Kul Mustafa Kimdir? [Electronic resource]. Available at: <https://www.turkedebiyati.org/etiket/kayikci-kul-mustafa-kimdir/> (Accessed: 05.06.2024)
8. Artun E. Âşıklık Geleneği ve Âşık Edebiyatı. – İstanbul: Kitabevi Yayınları, 2005. - 481 s.
9. Бұқар жырау тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер жинағы. – Қарағанды, 2023. – 468 б.
10. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 220 б.
11. Мағауин М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын жыраулары. – Алматы: Мектеп, 2003. – 192 б.
12. Қондыбай С. Жауынгерлік рух кітабы. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2006. - 240 б.
13. Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 2020. – 12(4). – P. 1-11
14. Алимбаев А.Е. Ежелгі жыр-дастандардағы ерлік пен қаһармандық // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, 2023. – №3. – Б. 102-114.

Д.С. Жалелов¹, М. Арслан²

¹Академия образования имени А. Байтурсынулы, Астана, Казахстан

²Университет Памуккале, Денизли, Турция

Гармоничность произведений Доспамбет жырау и лодочника Кул Мустафы

Аннотация. Связь между турками Анадолы и казахами глубока. Источник их литературы, культуры, языка и менталитета распространяется из одного места. В статье анализируется внутренняя гармоничность содержаний, историко-литературная гармония в произведениях Доспамбет Жырау и Лодочника Кул Мустафы.

Доспамбет жырау – обладатель синкретического искусства, познавший истоки и корни народной поэзии. Период его жизни охватывает 16 век. Он родился в городе Азау, как описано в его воспоминаниях. Основная тема его произведений, дошедшая до нас, – борьба, освобождение, свобода, тоска и поиск смысла жизни идеального человека, не испытывающего сожалений.

Лодочник Кул Мустафа – одна из выдающихся фигур в литературе турецкого народа. Он был надежным спутником Мурата Рейса, ставшего предводителем известных из истории морских походов. Лодочник Кул Мустафа, живший в 17 веке, занимает свое место в турецкой народной поэзии. Много информации о его биографии не сохранилось. Он жил в период Османской империи и вместе с Муратом Рейсом участвовал в военной поездке по завоеванию Багдада. Некоторые из его работ сохранились до наших дней. Среди них самым известным и историческим произведением является сага «Молодой Осман». Храбрость Османа, ставшего юным героем, стала известна всему турецкому народу благодаря саге о Мустафе-лодочнике.

В статье определяются внутренняя содержательная гармония, методы сравнения и анализа рассказов Лодочника Кул Мустафы и Доспамбет жырау. Также описан синкретизм двух личностей, занимающих значительное место в народных поэзиях родственных народов, и сделаны выводы с точки зрения казахских и турецких исследователей.

Ключевые слова: лодочник Кул Мустафа, Доспамбет жырау, турецкий, казахский, толгау, эпос, гармония.

D.S. Zhalelov¹, M. Arslan²

¹A. Baitursynuly Academy of Education, Astana, Kazakhstan

²Pamukkale University, Denizli, Turkey

The harmony of the works of Dospambet Zhyrau and the Boatman Kul Mustafa

Abstract. The connection between the Turks of Anatolia and the Kazakhs runs deep, with their literature, culture, language, and mentality emanating from a shared source. This article delves into the internal harmony of contents, historical and literary parallels in the works of Dospambet Zhyrau and the Boatman Kul Mustafa.

Dospambet Zhyrau, an artist with a syncretic approach, delves into the origins and roots of folk poetry. Born in the city of Azau in the 16th century, as described in his memoirs, the main theme of his works

(tolgau) that has come down to us revolves around struggle, liberation, freedom, longing, and the search for meaning in the life of an ideal person who harbors no regrets.

The Boatman Kul Mustafa stands out in the literature of the Turkish people, notably in maritime literature. Living in the 17th century during the Ottoman Empire, Kul Mustafa, a reliable companion of Murat Reis in sea voyages, participated in the military tour to conquer Baghdad. Limited information about his biography has survived, but some of his works, including the renowned saga "Young Osman," endure. The bravery of Osman, the young hero, became widely known among the Turkish people through Mustafa the Boatman's saga.

The article not only defines the internal content harmony and methods of comparison and analysis in the stories of Boatman Kul Mustafa and Dospambet Zhyrau but also describes the syncretism of these two personalities, significant in the folk poetry of related peoples. Conclusions drawn from the perspectives of Kazakh and Turkish researchers add depth to the exploration. Understanding the harmony of thought between these two creative personalities holds relevance and importance for modern science, shedding light on broader cultural and historical implications.

Keywords: Boatman Kul Mustafa, Dospambet zhyrau, Turkish, Kazakh, tolgau, epic, harmony.

References

1. Baitursynuly A. Alty tomdyk shygarmalar zhynagy [Collection of works in six volumes] («El-shejire», Almaty, 2013, 384 p.). [in Kazakh]
2. Magauin M. Kazak khandygy dauirindegi adebiet [Literature in the era of the Kazakh Khanate] (Anatili, Almaty, 1992, 176 p.). [in Kazakh]
3. Nurimanov B., Altay A. Karacaoğlan ve Bukar Kalkamanuli'nin şiirlerinin karşılaştırılması [The comparison of the poems of Karacaoğlan and Bukar Kalkamanuli] Millî Folklor [National Folklore], 30, 117, 41-56 (2018). [in Turkish]
4. Zheti gasyr zhyrlaidy [Seven centuries sings] (Zhazushy, Almaty, 2008, 400 p.). [in Kazakh]
5. Kaskabasov S. Tandamaly [Custom] (Foliant, Astana, 2014, 344 p.). [in Kazakh]
6. Alibekuly A. Dosmambet Azauly [Dosmambet Azauly], Akikat gazeti [Akikat newspaper], 4, 72-81 (2012). [in Kazakh]
7. Kayıkçı Kul Mustafa Kimdir? [Who is the Boatman Kul Mustafa?]. [Electronic resource]. Available at: <https://www.turkedebiyati.org/etiket/kayikci-kul-mustafa-kimdir/> (Accessed: 05.06.2024). [in Turkish]
8. Artun E. Âşıklık Geleneği ve Âşık Edebiyatı [The Tradition of Minstrelsy and the Literature of Minstrelsy] (Kitabevi Yayınları, İstanbul, 2005, 481 p.). [in Turkish]
9. Bukar zhyrau tagylymy. Adebі-syn makalalar men zertteuler zhynagy [Collection of literary and critical articles and research] (Qarağandy, 2023, 468 p.). [in Kazakh]
10. Tursynov E. Kazak auyz adebietin zhasaushylardyn baiyrgy okilderi [Indigenous representatives of the creators of Kazakh oral literature] (Gylym, Almaty, 1976, 220 p.). [in Kazakh]
11. Magauin M. Kobyz saryny. XV-XVIII gasyrlarda zhasagan kazak akyn zhyraulary [Kobyz saryny. Kazakh poet zhyrau created in the XV-XVIII centuries] (Mektep, Almaty, 2003, 192 p.). [in Kazakh]
12. Kondybai S. Zhaunyngerlik ruh kitaby [Fighting spirit book] («Nurly Alem», Almaty, 2006, 240 p.). [in Kazakh]

13. Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdieva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People, Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 12(4), 1–11 (2020).

14. Alimbaev A.E. Ezhelgi zhyr-dastandardagy erlik pen qaharmandyq [Courage and heroism in ancient songs], Euraziya gumanitaryk institutynyn Khabarshysy [Bulletin of the Eurasian humanitarian Institute], 3, 102-114 (2023). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Жалелов Д.С. – PhD, А. Байтұрсынұлы Білім академиясы, Астана, Қазақстан.

Арслан М. – профессор, доктор, Памуккале университеті, Денизли, Түркия.

Zhalelov D.S. – PhD, A. Baitursynuly Academy of Education, Astana, Kazakhstan.

Arslan M. – Professor, Doctor, Pamukkale University, Denizli, Turkey.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).